

СИЛЛАБУС
 2025-2026 оқу жылының көктемгі семестрі
 «7М02309 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысы (МӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОМӨЖ)	
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)			
MPLF 6303 Әдебиеттану мен фольклористиканың әдіснамалық мәселелері	6	1,7	3,3	-	5 (1,7+3,3+0)	6	
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ							
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері		Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	Базалық пәндер циклы, таңдау компоненті	Мәселелік, ақпараттық, дәріс-конференция	Семинар-пікірталас, семинар-«ми шабуылы», семинар-іскерлік ойын		Жазбаша (оффлайн) Универ АЖ		
Дәріскер (лер)	Сарбасов Болатхан Серғазыұлы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.						
e-mail:	sarbassov.bolathan@mail.ru						
Телефоны:	Телефон: 87772553469						
Ассистент (тер)	-						
e-mail:	-						
Телефоны:	-						
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ							
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*				ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Пәннің мақсаты – қазіргі әдебиеттану мен фольклортанудың әдістемелік аппаратымен жұмыс істей білу, фольклор және әдебиет шығармаларын әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның соңғы тәсілдер мен жетістіктері контекстінде зерттеу. Оқу курсы отандық және әлемдік әдебиеттану ғылымының даму тенденциялары парадигмасындағы көркем шығармашылықты зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін құрайды. Пән көркем шығармашылықты зерттеудің инновациялық тәсілдерін зерттеуге бағытталған.	ОН 1. Жаңа білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын игереді. Ақпараттарды қабылдауға, талдауға, жалпылауға қабілеттілігі артады.				ЖИ 1.1 Ақпараттандыру дамуының негізгі кезеңдері мен тенденцияларын айқындау.		
					ЖИ 1.2 Деректерді өңдеу көздері мен құралдарын табу.		
	ОН 2. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін біледі және түсінеді.				ЖИ 2.1. Заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану.		
					ЖИ 2.2 Танымдық, ақпараттық, зияткерлік, стратегиялық, әлеуметтік-лингвистикалық, мәдени құзіреттіліктері қалыптастыру.		
	ОН 3. Пән бойынша базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді талдап, тануға үйренеді.				ЖИ 3.1. Әдебиетті оқытудың озық педагогикалық тәжірибелері мен әдіс-тәсілдерін қолдану.		
					ЖИ 3.2. Әдебиеттанудағы әдіс-тәсілдер жүйесін айқындау.		
	ОН 4. Жаңартылған білім бағдарламасын оқыту үрдісінде басшылыққа алып, пайдалануға және өз беттерінше әлемдік педагогика ғылымдағы жаңа әдістемелерді меңгереді.				ЖИ 4.1 Педагогикалық инновациялық технологияларға сипаттама		

		жасау. ЖИ 4.2 Әдебиетті оқыту әдістемесін ғылыми тұрғыдан зерттеп-тану қабілеттерін дамыту.
	ОН 5. Әдебиетті оқытуда заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін қолданады.	ЖИ 5.1 Кәсіби қызметтегі ақпаратты түсіндіру. Жүйелеу, салыстыру, шолу, бейнелеу әдістері т.б. ЖИ 5.2 Оқу үдерісінде бағдарлама мазмұнын жасауға қажетті материалдарды білу.
Пререквизиттер	Қазақ халық ауыз әдебиеті, түркі халықтары әдебиеті, әдебиет теориясы, әдебиет зерттеу әдістері	
Постреквизиттер	Әдебиеттанудағы бағыттар мен мектептер, қазақ хандық дәуіріндегі әдебиет	
Оқу ресурстары	Әдебиет: Негізгі: 1. Майкл Райан, Джули Ривкин. Әдебиет теориясы. Антология I, II, III, IV том –Астана, 2019 2. Қазіргі қазақ әдебиеті: ұжымдық монография / Авторлар ұжымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021 3. Дадебаев Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021 4. Сейітжанұлы З. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы, 2019. 5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 2016. 6. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы, 2021. Қосымша: 7. Жұмакаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, «Қыздар университеті» баспасы, – Алматы 2023 8. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту (Оқулық) – Алматы: Рауан, 2018 9. Сарбасов Б. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті (Оқулық) «Қазақ университеті» баспасы – Алматы, 2022 Интернет-ресурстар 1. http://elibrary.kaznu.kz/kz 2. https://adebiportal.kz/kz 3. https://qazaqadebiati.kz/ 4. https://juldyz.info/ 5. http://i-s-turgenev.ru/books/item/f00/s00/z00000006/st012.shtml 6. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: Жібек жолы, 2009. https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/e18/e185fe133cb926283d53f1af83c8f984.pdf&ln=kz. 7. Қазақ ертегілеріне шолу. http://abai.kaznu.kz/?cat=55&paged=9	
Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады. Құжаттар Univer АЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. <u>Академиялық адалдық.</u> Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді.	

Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 87751488767 / e-mail bayazitov.b@kaznu.kz немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3aCCdQe47egO_MnXMQFjnUjUhRTvFg171mjAvG7TUE8H01%40thread.tacv2/1688383216683?context=%7b%22Tid%22%3a%22b0ab71a5-75b1-4d65-81f7-f479b4978d7b%22%2c%22Oid%22%3a%223f815c6e-ebe7-4a3f-9cbc-d44804eb5d68%22%7d кеңес пен көмек ала алады.

МООС интеграциясы (massive open online course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері	
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы		
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы		
B	3,0	80-84		% мәндегі баллдар	
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік 5	
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі 25	
C	2,0	65-69		Өзіндік жұмысы 20	
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық	Жобалық және шығармашылық қызметі 10	
D+	1,33	55-59		Қорытынды бақылау (емтихан) 40	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз	ЖИЫНТЫҒЫ 100	

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Апта / күні	Тақырыптың аталуы (дәріс, практикалық сабақ, МӨЖ)	Сағат саны	Максималды балл
Модуль 1 Фольклортану және фольклорлық жанрлар мәселесі			
1.	Д 1. «Әдебиеттану мен фольклортану» ғылымы және оның ерекшелігі.	1	
	ПС 1. Фольклордың пайда болуы жөніндегі теориялар, жиналуы, жариялануы.	2	5
2.	Д 2. Фольклортану мәселелері.	1	
	ПС 2. Фольклор мен фольклортану.	2	5
3.	Д 3. Фольклортанудың әдіснамалық мәселесі.	1	
	ПС 3. Қазақ фольклоры және жанр жүйесі.	2	5
	МӨЖ 1. Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың инновациялық		20

	технологиялары (Талдау, кеңес беру)		
4.	Д. Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың әдіснамалық мектептері.	1	
	ПС. Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.	2	5
5.	Д. Жоғары оқу орындарында педагогикалық білім берудің өзектілігі.	1	
	ПС. Әдебиетті оқытудың теориялық және әдістемелік мәселелері.	2	5
	МӨЖ - 2 Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздері. (Талдау, презентация)		20
Модуль 2. Фольклор және әдебиетті оқыту әдістемесі			
6.	Д 4. Фольклор және мифология.	1	
	ПС 4. Әдебиеттегі миф.	2	5
7.	Д 5. Фольклордағы мифтің қызметтік бағыты.	1	
	ПС 5. Мифтік сюжеттердің семантикасы.	2	5
	МӨЖ -3. Әдебиеттанудағы жаңа әдіс-тәсілдер жүйесі. (Талдау, презентация)		20
8.	Д. Педагогикалық білім беруде тиімді оқытудың маңыздылығы.	1	
	ПС. Жаңа білім парадигмасында инноватор оқытушыға қойылатын талаптар	2	5
	АБ1		100
9.	Д. Оқыту мен оқуда сын тұрғысынан ойлауды дамыту.	1	
	ПС. Оқыту мен оқуда акпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) пайдалану.	2	6
10.	Д. Интерактивті және инклюзивті оқыту ерекшеліктері.	1	
	ПС. Комуникативтік, тұлғалық, пәндік құзіреттіліктерді қалыптастыру.	2	6
	МӨЖ – 4. Ежелгі әдеби мұраларды оқытудың тиімді жолдары. (Талдау, презентация)		20
Модуль 3 Әдебиетті оқытудың ғылыми-практикалық негіздері			
11.	Д. Білім беру бағдарламасындағы әдебиет пәндерінің маңыздылығы	1	
	ПС. Жоғары оқу орындарында жүргізілетін мамандық пәндерінің ерекшеліктері.	2	6
12.	Д. Әдебиеттану ғылымының мәні мен маңызы.	1	
	ПС. Әдебиетті оқытуда қолданылатын оқу-әдістемелік кешендердің өзіндік ерекшеліктері.	2	6
13.	Д. Қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері	1	
	ПС. Қазақ әдебиетінің даму кезеңдері	2	6
	МӨЖ 5. Қазақ әдебиетінің жаңа бағыттары. (Сараптамалық талдау, өздік жұмыс)		20
14.	Д. Әдебиетті оқытуда қолданылатын пәндік құзыреттілікті дамыту.	1	
	ПС. Жобалау технологиясының өзіндік ерекшеліктері.	2	5
15.	Д. Ғылыми жұмыстарды жазудың әдістемесі.	1	
	ПС. Әдеби-теориялық ұғымдарды талдау, саралау.	2	5
	МӨЖ 6. Фольклорлық мотивтердің түрлері және символдық бейнелер. (Сараптамалық талдау, өздік жұмыс)		20
	АБ2		100
	Қорытынды емтихан		100
	Пән үшін жиынтығы		100

Декан _____

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы _____

Кафедра меңгерушісі _____

Дәріскер _____

Б.Ө. Жолдасбекова

А.А. Аккузова

С.Дәрібаев

Б.С.Сарбасов

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

«Әдебиеттану мен фольклористиканың әдіснамалық мәселелері» пәні бойынша қорытынды емтихан

Критерийі	«Өте жақсы» 90-100 %	«Жақсы» 75-89%	«Қанағаттанарлық» 50-74%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-49%
Әдебиетті оқыту әдістемесін ғылыми тұрғыдан зерттеп-тану, қабілеттерін дамыту, әдіснамасын білу.	Жаңа білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын игеру. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін білу және заманауи әдістерін терең түсіну.	Жаңа білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды пайдалану. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін білу, көркем шығармашылықты зерттеу әдістерін түсіну.	Жаңа білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды білу. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін білу, көркем шығармашылықты зерттеу әдістерін шектеулі түсіну.	Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін, көркем шығармашылықты зерттеу әдістерін түсіну / түсінбеушілік.
Педагогика мен әдістемедегі жаңашыл әдістемелерді талдай білу, олардың практикадағы тиімділігін анықтай білу.	Әдіснамалық мектептердің әдістемелік негіздерін терең түсіну; әртүрлі ғылыми тәсілдер, тұрғысынан көркем әдебиет туындыларын талдау әдістерін меңгеру.	Әдіснамалық мектептердің әдістемелік негіздерін терең түсіну, көркем шығарламаларды әртүрлі ғылыми тәсілдер мен әдістер тұрғысынан талдай білу.	Әдіснамалық мектептердің әдістемелік негіздерін шектеулі түсіну және білу; көркем шығармаларды талдай білу.	Әдіснамалық мектептердің әдістемелік негіздерін үстірт түсіну / түсінбеушілік; көркем шығармаларды талдау әдістерін білмеу.
Қазіргі әдебиеттану ғылымының тұжырымдамалары мен әдіснамасы тұрғысынан көркем шығармаларды талдау.	Жаңартылған білім бағдарламасын оқыту үрдісін басшылыққа алу, пайдалану және әлемдік педагогика ғылымындағы жаңа әдістемелерді меңгеру. Әдебиетті оқытуда заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану.	Әдебиетті оқытуда заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану, мәнін түсіндіре білу.	Әдебиетті оқытуда заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін шектеулі түсіну.	Әдебиетті оқытуда заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін үстірт түсіну / түсінбеушілік.
Әдебиетті оқытуда қолданылатын инновациялық-ақпараттық технологияларды меңгеру. Өз бетімен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу мен оларды талдай білу дағдыларын жетілдіру	Қазіргі әдебиеттанудың тұжырымдамалары мен әдістемесін меңгеру, көркем әдебиет туындыларын талдау мен түсіндіруге қатысты өз көзқарасын қалыптастыра білу.	Қазіргі әдебиеттану тұжырымдамалары мен әдістемесін меңгеру, көркем шығармаларды әртүрлі көзқарастардан талдап түсіндіре білу.	Қазіргі әдебиеттану әдіснамасын шектеулі түсіну және нашар меңгеру; көркем шығармаларды талдап түсіндіре білу.	Қазіргі әдебиеттанудың әдіснамасын меңгермеу; әдебиет туындыларын талдап түсіндіре алмау.